

AQTÓĞAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығарылады

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№38 (7875)

Жұма
23 қыркүйек
2022 жыл

Ақорда

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына үндеуі



Қымбатты отандастар!

Биылғы жыл жан-жақты реформалар мен нақты өзгерістер жылына айналды.

Маусым айында өткен референдумның нәтижесінде билік тармақтары арасында тиімді тепе-теңдік орнады.

Мемлекет «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасын берік ұстанады. Мәжіліс пен мәслихаттар жаңа аралас жүйе бойынша жасақталады. Депутаттардың бір бөлігі партиялық тізіммен, қалғаны бір мандатты округтен сайланады. Конституциялық сот құрылып, алдағы қаңтар айынан жұмыс істей бастайды. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты конституциялық мәртебеге ие болды. Биліктің бірқатар өкілеттігі қайта бөлініп, кейбір құзыреттер Президенттен Парламентке берілді. Енді өңірлердің әкімдері баламалы жолмен таңдалады.

Конституцияға жер және оның қойнауы халыққа тиесілі деген бап енгізілді. Мен осы ережені жүзеге асыру үшін «Ұлттық қор – балаларға» деген мүлде жаңа бағдарлама ұсындым.

Конституциялық реформа – мен Мемлекет басшысы болып сайланғаннан бері жүзеге асырып жатқан ауқымды саяси жаңғыру бағдарламасының ажырамас бөлігі. Осы бағдарлама аясында бейбіт жиналыстарды өткізу үшін алдын-ала ескерту тәртібі енгізілді. Саяси партияларды тіркеу рәсімі жеңілдетіліп, тіркеудің қажетті шегі төмендетілді. Сайлау алдындағы партиялық тізімді жасақтау және депутат мандаттарын бөлу кезінде әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота енгізілді. Саяси партиялардың Мәжіліске өту шегі 7-ден 5 пайызға төмендеді. Сайлау бюллетеньдеріне «бәріне қарсымын» деген баған қосылды. Парламенттік оппозиция институты құрылды. Қылмыстық кодекстің 130-бабы қылмыстық деп танылмайтын болды, 174-бабы ізгілендірілді. Өлім жазасы жойылды. Ауыл әкімдерін тікелей сайлау тәсілдері енгізілді. Сондай-ақ, басқа да көптеген тың бастамалар жүзеге асырылды.

Жалпы, соңғы үш жылда жасалған өзгерістер мен конституциялық реформа мемлекеттік-саяси құрылымның жаңа үлгісін

қалыптастырды. Сондықтан, мен Жолдауымда сайлау мерзімін жария түрде және ашық айттым. Осылайша, біз басты мемлекеттік институттар – Президент, Парламент, Үкімет және мәслихаттардың бәрін біртіндеп қайта құрамыз.

Осы бастама жарияланғаннан бері бір айға жуық уақыт өтті. Бұл – барлық мәселені байыппен талқылап, жағдайды бағамдауға жеткілікті мерзім.

Халық біздің саяси жүйені өзгерту туралы жоспарымыздың мән-маңызын жақсы түсініп отыр. Сондықтан, мен бүгін бұған дейін айтылған сайлаудың мерзіміне және Конституцияның талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын 2022 жылғы 20 қарашада өткізу туралы Жарлыққа қол қойдым.

Бұл науқан елдің бүкіл саяси жүйесін түбегейлі өзгертетін сайлау кезеңін бастап береді. Сол арқылы экономиканы тұрақты дамытуды, халықтың әл-ауқатын арттырып, тұрмыс сапасын жақсартуды көздейтін ұзақ мерзімді міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік туады.

Мен Жолдауымда бірқатар ауқымды әлеуметтік-экономикалық шаралар қолға алынатынын жарияладым. Біз оның бәрін жақын арада жүзеге асыруымыз керек. Көп ұзамай қоғамға сайлау алдындағы тұғырнамамы ұсынамын. Онда әлеуметтік-экономикалық дамуды көздейтін жаңа бастамалар айтылады.

Мен Мемлекет басшысы ретінде сайлау науқаны қаған түрде заңға сәйкес өтетініне кепілдік беремін. Оны отандық және шетелдік байқаушылардың қатысуымен әділ әрі ашық өткізетін боламыз.

Барша азаматтарымызды жауапкершілігін сезініп, демократия, заң және тәртіп қағидаптарын берік ұстануға шақырамын. Еліміздің бірлігі мен тұтастығын көрсете білейік.

Халқымыздың тағдыры, Қазақстанның болашағы әрқайсымыздың қолымызда.

Біз Әділетті Қазақстанды бірге құрамыз!

akorda.kz



Жолдау мұраты – ел мүддесі

Маңызды міндеттер айқындалды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жариялаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты маңызды міндеттерді айқындап берді.

Президент болашаққа бағытталған байыпты бағдарлар қатарында денсаулық сақтау саласына да айрықша назар аударды.

Осы орайда Мемлекет басшысы: «Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды. Денсаулық сақтау саласында біраз реформа жүргізілді. Дегенмен, оның жағдайы өлі де мез емес. Әрине, жылдар бойы қордаланған түйткілдер бір мезетте шешілмейді.

Сондықтан, аса маңызды мәселелерді ретке келтіруге баса мән берген жөн. Соның бірі – қаржыландыру жүйесі. Осы салаға қаржының жеткілікті бөлінбеуі қалыпты жағдайға айналған. Соның кесірінен жұрт сақтандыру жүйесіне қосылса да, медициналық қызмет толық көлемде көрсетілмей отыр», – деп атап көрсете отырып, бұл тұрғыда үлкен өзгерістер күтіп тұрғанын аңғартты. Денсаулық сақтау саласын және жалпы әлеуметтік саланы қаржыландыру жүйесі

қайта қаралатын болды.

Сонымен қатар, ерікті медициналық сақтандыру жүйесін енгізу, медициналық инфрақұрылымды кешенді түрде жақсартуға баса назар аудару, мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігін тиімді пайдалану

керектігі де баса айтылды.

«Медицина – инвестиция салуға қолайлы сала. Тек оған дұрыс жағдай жасау қажет. Мен келесі жылдан бастап ұлттық жобаны жүзеге асыруды тапсырдым. Бұл құжат, ең алдымен, ауыл тұрғындарының сұранысын қанағаттандыруға арналған. Бүгінде еліміздегі 650 елді мекенде емдеу мекемесі жоқ. Алдағы екі жылда бұл ауылдарда медициналық және фельдшерлік-акушерлік бөлімшелер салынып, қажетті құрал-жабдықпен толық қамтамасыз етіледі. Осылайша, мемлекет бір миллионнан астам адамның алғашқы медициналық-санитарлық көмек алуына мүмкіндік жасайды», – деді Президент Жолдау жолдарында. Бұл қатарда Қарағанды облысында да жүйелі жұмыстардың атқарылатындығына сенім мол.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев басқа бағыттармен қатар, медицина мәселесіне де кеңінен тоқталуы сала мамандарын жігерлендіріп, сенім жүгін еселеп отыр. Біз өз кезегімізде Жолдауда жүктелген міндеттерді қызу қуаттай отырып, ел дамуы мен қоғам игілігі жолында аянбай еңбек ете беретін боламыз.

П.Қасымова,

аудандық орталық ауруханасының балалар бөлімінің медбикесі

ХАБАРЛАМА

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының 2022 жылдың 20 қыркүйегіндегі ШЕШІМІМЕН Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы мәслихатының депутаты Мангипшев Нариман Джанатовичтің мемлекеттік қызметке жұмысқа тұруына байланысты мандат Избасаров Дулат Избасарулына берілді.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

СООБЩЕНИЕ

РЕШЕНИЕМ Ақтоғайской районной избирательной комиссии от 20 сентября 2022 года в связи с переходом на государственную службу депутата маслихата Мангипшева Наримана Джанатовича мандат передан Избасарову Дулат Избасаровичу.

Ақтоғайская районная избирательная комиссия.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып отырған парақорлық – саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдің қай-қайсысын да алаңдататыны анық. Сыбайлас жемқорлық барлық мемлекеттер мен халықтарға тән және тарихы тереңде жатыр.

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси

Сыбайлас жемқорлықтың себептерін жоюға арналған онлайн жиналыс өтті

дамуына байланысты, оның ішінде елімізде де әлеуметтік құбылыс ретінде орын алып келеді. Ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестиция тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттер саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Біздің ел – ТМД елдерінің ішіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы арнайы заң қабылдаған бірінші және бірден-бір мемлекет. Мемлекеттік органдардың осы бағыттағы жұмыстарының нысандылығы мен тиімділігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жіті назарда.

Қыркүйек айының 14 жұлдызында Қарағанды облысының әкімі Ж.Қасымбектің төрағалығымен және Қазақстан Республикасы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары Д.Малаховтың қатысуымен селекторлық режимде «Қарағанды облысында сыбайлас жемқорлық төуекел картасын жүзеге асыру шараларының орындалысы» бойынша жиналыс өтті. Аталмыш жиынға өңір басшысы С.Әбеуова және аудан әкімінің орынбасары Қ.Қошантаев және мекеме, бөлім басшылары қатысты. Селектор барысында Д.Малахов еліміздегі және Қарағанды облысының төңірегіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданып жатқан шараларға тоқталып өтті.

Жиналыс соңынан кейін аудан әкімі С.Мірәсілқызы селектор кезінде көтерілген мәселелерді қамти келе, тиісті мемлекеттік бөлімдерге сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі бірқатар тапсырмалар міндеттеді.

Е.Темірханұлы.

Ауыл – Ел бесігі

Тасаралдағы толайым бастама

XXI ғасырдағы жаңа өркениет биігінде қарыштап даму талабы еліміздің инфрақұрылымын барынша өркендету міндеттеріне үлкен жауапкершілік жүктейді. Жол, көпір, әуежай сынды мемлекеттік маңызы зор инфрақұрылымды дамыту және пайдалану тетіктерін барынша жетілдіру де қазіргі заман талабы болып табылады. Еліміздегі инфрақұрылымды ілгерілету мақсатында республикалық бағыттағы күре жолдардың күрделі жөндеуден өтіп жатқанына баршамыз куәміз. Одан бөлек, жыл сайын «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасының шеңберінде еліміздің түкпір-түкпірдегі ауылдарға қомақты қаржы бөлініп, сол ауылдың гүлденуіне үкімет үлкен қолдау білдіріп келеді. Оған осыдан екі-үш жыл ілгеріде ауыл-ауылға төселген тас жолдары жанды дәлел. Қазір ауданымызға қарасты ауылдық округ орталықтарының баршасына барсаңыз, көше ішін жалғап жатқан тас жолдарды көресіз. Осынау кереметтей ілімді іс желісін үзбестен жыл сайын жалғасып келеді.

Жуырда ғана өңіріміздің оңтүстік бөлігінен қоныс тепкен Тасарал ауылының кіреберісіндегі 13 шақырым жол күрделі жөндеуден өтті. Яғни, көтерме жолдың

орнына тас жол төселді. Қыркүйек айының 17-сі күні жөндеу жұмыстарының аяқталуына орай аталмыш жолдың ашылу салтанаты өтті. Шараға Парламент Сенатының депутаты Р.Әбдікерем, аудандық мәслихат хатшысы Р.Әбеуов, аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов, Қазыбек би аудандық сотының судьясы Ж.Шөженов, ауыл тұрғындары мен келген қонақтар қатысты. Күрделі жөндеуден өткен үр жаңа жолдың жалпы ұзындығы 13,4 шақырымды құрайды. Осынау жолды жаңғырту үшін 477 млн. теңге қаражат бөлінген. Осы тұста айта кеткен абзал, жоғарыдағы қаржының 50 пайызы облыстық бюджеттен, 50 пайызы республикалық бюджеттен бөлінді.

Сонымен қатар, ауыл тұрғындарының есептік кездесудегі сұраныстарына сәйкес, қазақ күресінен спорт секциясы ашылып, балаларды саламатты өмір салтына баулып жатыр. Қазіргі таңда қазақ күресіне 30-ға жуық бала қатысады. Бұдан бөлек, ауыл азаматтарының жұдырықша жұмыла білгендігінің нәтижесінде 3 млн теңге қаржы жиналып, ауылдағы мешіттің төбесіне шатыр орнатты. Сондай-ақ, мешіттің іші мен сыртына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Е.АЙТЖАН.

Жемқорлық – жегі құрт

Жемқорлыққа жол жоқ!

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Сыбайлас жемқорлық барлық мемлекеттер мен халықтарға тән және терең ғасырлық тамыры бар.

Сыбайлас жемқорлықтың үлкен кемшілігі, ол мемлекеттің экономикалық салаға зиян тигізіп, елдің және оның әрбір азаматының жалпы әл-ауқатын төмендетеді. Оған қоса, мұның бәрі халықтың үкіметке сенімін жоғалтуына қауіп төндірді.

Адалдық, әділеттілік, берілген тапсырмаға бағыну, кез келген құқық бұзушылыққа қатысты ауытқушылық, проблемаларды шеше білу, адам құқықтарын қорғау, мемлекет пен қоғам мүдделері сияқты моральдық және психологиялық қасиеттерді қалыптастыруға ерекше назар аудару керек.

«Жемқорлыққа қарсы күрес жан-жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Біз сонда ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізе аламыз. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдар, ұжымдар заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Кейбір мемлекеттік қызметкерлердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондықтан, қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен көп болып күресуіміз қажет.

Е.Шарбеков,

«Ақтоғай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы»

РММ басшысы.

Құқықтық заңнама

Сот жүйесінде ақпараттық технологияларды дамыту

Соңғы жылдары Жоғарғы сот заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы электрондық іс қағаздарын жүргізуге және сот ісін жүргізуге ауысу бойынша үлкен жұмыс атқарғанын айта кеткен жөн. Қазір күнделікті сот тәжірибесінде соттар IT-технологиялар және ғаламтор ресурстарының мүмкіндіктерін көбірек пайдалана бастаған. Себебі, жаңа технологиялар сот ісін жүргізу уақытын елеулі түрде қысқартып, сот жұмыстарының көрсеткіштерін оңтайландырады, ең бастысы, халықтың қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Бүгінгі таңда еліміздің сот саласында енгізіліп жатқан ақпараттық технологиялар соттардың жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, халықпен кері байланыс орнатуда жоғары көрсеткіштер көрсетіп, жұмыс сапасының артуына септігін тигізді.

Электронды сот төрелігін іске асыру халықтың сотқа деген сенімін, сот төрелігіне қолжетімділігін, оның ашықтығын және жариялылығын арттыру ретінде танылады. Қазақстан Республикасының барлық соттарына «Төрелік» ақпараттық жүйесі, «Сот кабинеті» сервисі, «Электронды шақыру қағазы», «Сот құжаттарымен танысу» сервисі, «SMS-хабарлама» сервисі, «Талдау» форумы, сот органдарымен байланысу CALL-орталығы, сенім телефоны, дыбыс-бейне жазатын құрылғылар, бейнеконференция арқылы сот төрелігін жүзеге асыру секілді жаңа ақпараттық технологиялар қызметі енгізіліп, сұранысқа сай қызмет етуде.

«Сот кабинеті» арқылы сотқа талап арыз беру, сот отырысының хаттамасына ескерту келтіру, өтініш, арыз, шағым және электрондық түрдегі өтінімдерді әзірлеу және беру, мемлекеттік алымдарды онлайн түрінде төлеу, деректерді сақтау мен

біріктірудің қауіпсіздігі секілді әрекеттерді жүзеге асыруға болады. Электрондық цифрлық қолтаңбасы бар республиканың кез келген азаматына үйден шықпай-ақ, «Сот кабинеті» электронды ақпараттық сервисі арқылы елдің кез келген сотына талап арыз беріп, кейіннен оның қаралу динамикасын бақылап отыруға мүмкіндік береді. Іс құжаттары, талап арыздар мен өтініштер «Сот кабинеті» электронды сервисі арқылы қабылданады. Ал, сот отырыстары «WhatsApp», «TrueConf» және «Zoom» мобильді қосымшаларының көмегімен өткізіледі. Осы қызметтердің ішінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, бюрократтық кедергілерді жоюға, соттардың ашықтығының бірден-бір дәлелі болып танылатын сот отырыстарын аудио, бейнежазба құралдарымен түсіріп алу жүйесі қарқынды қызмет көрсетуде. Халық үшін тиімділік танытқан әрі сот отырысының хаттамаларын алмастыра білген осы жүйе қолайлы сервистердің бірі.

Қорыта айтқанда, уақыттың талабы электронды түрде жұмыс жасауға алып келді. Бұл ретте еліміздің сот жүйесі де заманның ағымына ілесіп, қызмет барысына ақпараттық технологияларды енгізді. Соның көмегімен соттардың жұмысын бірізділендіріп, азаматтардың уақытын үнемдеуге мүмкіндік туды. Бір сөзбен айтқанда, жоғарыда көрсетілген жаңалықтарды енгізу сот төрелігінің жүзеге асыру процесін жеңілдеткен. Сот жүйесін жаңартуға бағытталған жаңашылдықтар жүйелі жүзеге асып, соттар заманауи технологиялармен жұмыс жасауды кеңінен қолға алды.

Г.Айдарханова,

Ақтоғай аудандық сотының

бас маман-сот отырысының

хатшысы.

Хабарландыру

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында пайдаланылмаған жерлерді мемлекетке қайтару бойынша жұмыстар жандандырылды.

Ел Президентінің 01.09.2022 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында бос немесе пайдаланылмай жатқан жерлер бойынша ауқымды шаралар қабылдап, бағалауды тапсырды.

Ақтоғай ауданының прокуратурасы осы бағытта жер пайдаланушылардың жер заңнамасын сақтауын тексерді.

Тексеру нәтижесімен пайдаланылмайтын 39 жайылымдық алқаптар анықталған.

Аудан прокуратурасының заңдылықты бұзушылықты жою туралы ұсынуы бойынша 4 жайылымдық алқап мемлекетке қайтарылды, 29 жайылымдық алқап қайта игеріле бастады.

Осыған ұқсас заң бұзушылықтарға жол бермеу үшін аудан тұрғындарын жер заңнамасын қатаң сақтауға шақырамыз.

Ақтоғай ауданының прокуратурасы.

В рамках исполнения поручений Главы государства активизирована работа по возврату в государство неиспользуемых земель.

В своем Послании народу Казахстана от 01.09.2022 года Президент страны поручил провести оценку наличия незанятых или неиспользуемых по назначению земель.

Прокуратурой Актогайского района в данном направлении проведена проверка соблюдения землепользователями земельного законодательства.

В ходе проверки установлено 39 неиспользуемых земельных участков.

По представлению об устранении нарушений законности прокуратуры района 4 земельных участка возвращены государству, 29 земельных участков начали освоение.

Призываем население района строго соблюдать земельное законодательство для недопущения аналогичных нарушений законности.

Прокуратура Актогайского района.

Қазақстан-2050: мемлекеттік қызмет

Egov.kz: «Электронды үкімет елге пайдалы»

Ақпараттық технологиялар қарыштап дамыған бүгінгі күні электрондық жүйеге көшу аса маңызды болып отыр. Бұл ретте мемлекет пен қарапайым халық арасында байланыс орнатуды жеңілдету үшін электронды үкімет жұмыс істейді. Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру, оларды электронды форматқа көшіру жұмыстарын дамыту шаралары жалғасуда. Бүгінге дейін жұртшылыққа ыңғайлы бірқатар жобалар іске асып та үлгерді.

Осыдан кейін электронды үкіметті қалыптастыру және дамытудың төрт негізгі кезеңі бекітілді. Бірінші кезең – ақпараттық кезең. Дал осы кезеңде электронды үкімет порталы іске қосылып, ақпараттармен толықтырылды. Бұл кезеңде әрбір қазақстандық қажетті бүкіл ақпаратты – қажет құжаттар тізімін, мемлекеттік БАЖ-дың көлемін, мемлекеттік органның байланыс мәліметтерін портал арқылы алуға қол жеткізді. Екінші кезең – интерактивті кезең, яғни порталда электронды қызметтер көрсетіле бастады.

Порталды пайдаланушыларға үйде отырып-ақ, мекемелерден анықтамаларды алуға, кез келген мемлекеттік органға сұраныс жасауға және олардың жағдайын бақылауға мүмкіндік туды. Электронды үкімет порталында интерактивті қызметтерді енгізу құжаттар пакетін жинауға кететін уақытты бірнеше есе қысқартты. Электронды үкіметтің дамуының үшінші кезеңі – транзакциялық кезең. Бұл кезеңде азаматтар мемлекеттік салымдар мен төлемдерді, айыппұлдарды, коммуналдық қызметтерді төлеуге мүмкіндік алды. Егер бұрын қызметтерді төлеу үшін банкке бару қажет болса, онда қазір қызметті онлайн алуға және төлеуге болады. Электронды үкіметтің төртінші кезеңі – трансформациялық кезең. Бұл кезеңнің басты мақсаты – азаматтарға қызмет көрсетуде жеделдік таныту. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін интерактивті және транзакциялық сервистер кешенді қызметтерге біріктірілуде.

Қазіргі таңда техника, технология жетістіктерін шеберлікпен пайдаланудың арқасында мемлекеттік органдар мен үкіметтік ұйымдар ел азаматтарымен тұрақты қарым-қатынас жасаудың тиімді жолдарын осы электронды үкімет жүйесі арқылы тапты. Мұның тиімді жақтары айтарлықтай. Қажетті ақпаратты жедел береді, мемлекеттік қызмет көрсетуді тиімді етеді және шығынның аздығымен әрі ашық, жариялылығымен ерекшеленеді. Үкіметтік ұйымдардың да өзара тығыз байланыста жұмыс істеуіне елеулі ықпал ете алады.

Порталдағы барлық қызметтерді қолдану үшін азаматтарда алдымен электронды сандық қолтаңбасы (ЭСК) болуы қажет. Электронды сандық қолтаңба портал арқылы үйден шықпай-ақ, мемлекеттік қызметтерді алу үшін өте қажет. Бұл ыңғайлы әрі қолжетімді. Электронды Үкіметтің қарапайым халық үшін тиімді әрі қолжетімді екенін бөлім қызметкерлері egov.kz порталының барлық мүмкіндіктері арқылы көрсетіп бере алады.

Елімізде бала тууға байланысты

көрсетілетін мемлекеттік қызметтер проактивті тәсіл арқылы оңтайландырылған. Бұл жобаға сәйкес жаңа босанған әйел бұрынғыдай халыққа қызмет көрсету орталықтарына келіп жатпай-ақ, телефон арқылы сәбиін тіркетіп, тууы туралы куәлікті жасатып, балабақшаға кезекке қойып, тіпті нәрестенің өмірге келуіне байланысты берілетін тиісті жәрдемақыны рәсімдеген. Бұл жерде халық мемлекеттік қызметке жүгінбейді, мемлекеттік органдар тиесілі қызметті ұсынып, халыққа өздері шығады.

Қазіргі таңда аталған бағытта мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын жетілдіру бойынша бірқатар міндеттерді іске асырып жатыр. Мұнда әңгіме, ең алдымен, электронды үкімет порталының дамуы мен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының қызметіне қатысты болып отыр, бұл – мемлекеттік қызметтерге қолжетімділіктің ең ыңғайлы жолдары екені сөзсіз.

Мәселен, ағымдағы жылдың жарты-жылдығының қорытындысы бойынша ауданда көрсетілген мемлекеттік қызметтердің 82,3 пайызы egov.kz сайты арқылы жүзеге асырылған. Жылдың соңына дейін бұл көрсеткішті 90,0 пайызға жеткізу жоспары тұр. Бүгінде мемлекеттік қызмет түрлерінің басым бөлігін үйден шықпай-ақ, электронды үкімет порталы арқылы алуға болады. Әсіресе, шалғайдағы ауылдық елді мекен тұрғындары үшін бұл өте тиімді. Жолға шығындалмайды, мекемелердің табалдырығын тоздырып, уақытын жоғалтпайды.

Мемлекеттік қызметтерге электронды түрде қол жеткізудің мақтаншыпен айтатындай артықшылықтары бар. Ең басты ерекшеліктерінің бірі – уақыттың үнемделуі. Egov.kz порталының мүмкіндіктерін пайдалану үшін үйден және жұмыс орнынан арнайы сұранудың мүлдем қажеті жоқ. Азаматтарға ыңғайлы болу үшін 2014 жылы eGov мобильдік қосымшасы пайдалануға берілген болатын. Мобильдік қосымшаның көмегімен азаматтар медициналық ұйымға тіркеуге тұра алады, шетелге шығатын кезде өз есімін борышкерлер реестрінде тексере алады, некеге тұруға электронды түрде өтініш қалдыра алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін көптеген мемлекеттік органдардың ақпарат иелерінің деректер қорындағы мәліметтер пайдаланылады. Азаматтар электронды үкімет порталына белгілі бір қызметті алуға сұрау салған кезде жауап мемлекеттік органның ақпараттық жүйесіндегі дерекке сәйкес құралатынын еске сала кеткен жөн.

Д.Омарбеков,

«Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты» ММ-нің Мемлекеттік қызмет көрсетуді бақылау бөлімінің бас инспекторы.



Қазақстан-2050: мемлекеттік қызмет

Әдеп кодексінің сақтау – мемлекеттік қызметшінің міндеті

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы ҚР Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) бекітілді.

Әдеп кодексі жалпы ережелер, мінез-құлықтың жалпы стандарттары, қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық, қызметтік қатынастардағы мінез-құлық және көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары деп аталған бес бөлімнен тұрады.

Әдеп кодексінің басты міндеті – сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың профилактикасына бағытталған іс-шараларды әзірлеу, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік әдепті сақтаудағы жауапкершілік деңгейін арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау, әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметін үйлестіру және мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларымен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Әдеп кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптар күшейе түсті. Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде

мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс. Қызметтен тыс уақытта мемлекеттік қызметшілер жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстанып, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болу жағдайларына жол бермеуге тиіс. Көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөйлеуді оның басшысы немесе мемлекеттік органның бұған уәкілеттік берілген лауазымды адамдары жүзеге асырады.

Кодекс халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің әдебі мен мінез-құлықтарына үлкен мән берілуде.

Сондықтан, мемлекеттік қызметте үлкен жетістіктерді бағындыруды көздеген әрбір мемлекеттік қызметші Әдеп кодексінің және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарының талаптарын сақтап, мемлекеттік қызметті адал атқаруы қажет.

Б.Әмірғасым,

Ақтоғай ауданы әкімі аппаратының басшысы-Әдеп жөніндегі уәкіл.

«Алты Алаштың баласы»

Білім саласы қызметкерлерін төл мерекелері – Мұғалімдер күнімен құттықтаймын!

Сіздердің мамандықтарыңыз елдегі ең қадірлі, ең мерейлі әрі аса жауапты мамандық. Себебі, Қазақстанның болашағы – сіздердің қолдарыңызда. Баланың болашағы, оқуда қандай жетістікке жететіні, өмірде қаншалықты табысты, іскер болатыны тікелей тәлімгерге байланысты.

Мемлекет басшысының айрықша көңіл бөлуі нәтижесінде білім мекемелерін көбейту және олардың материалдық-техникалық базасын заманауи қондырғылармен жабдықтау арқылы білім саласын дамытуға барлық жағдай жасалып келеді. Оның барлығы білім сапасын арттыруға, кәсіби шеберлікті нығайтуға, мұғалімдердің әлеуметтік мәртебесін жоғарылатуға ықпал ететіні сөзсіз. Бұл сіздердің Қазақстан азаматтарын өз елінің патриоты және тәрбиелі әрі жауапты адам етіп тәрбиелеп шығатындарыңызға сенімдіміз.

Құрметті ұстаздар мен білім саласының ардагерлері! Сіздерді мерейлі мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтай отырып, мықты денсаулық, шығармашылық табыстар, ізгі махаббат пен мейірім тілеймін.

Құрметті ұстаздар қауымы!

Сіздердің бала көңілдеріңіз әр оқушының жан-дүниесін нұрландырып, жүрегіне шапағат нұрын төгуде. Мұғалімнен өнеге-білім алып, өмір теңізіне құлаш ұрған кез келген шәкірт ұстазымен мақтанады. Ахмет Байтұрсынұлы: «Білім – бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не істесе де келістіріп істейді» – деп айтқандай, бойларыңыздағы бар білімдеріңізді шәкірт тәрбиелеуде қажымай-талмай, білім нәрімен сусындата беріңіздер.

Бар байлығым – шәкірттерім, сен дейтін құрметті ұстаздар, сіздерге ұзақ өмір, қажымас қайрат, таусылмас бақыт, зор денсаулық, талмас қанат тілеймін. «Мектептің жүрегі», «Бала жанының бағбаны»... Иә, бұл – мектеп мұғалімі, ұстазға арналған теңеулер. Мұндай мадақтауларды жалғастыра берсек, даналық сөздер тізбегі шексіздікке ұласады. Мерейлі мерекеде дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, істеріңізге сәттілік тілеймін.

С.Жүнісов,

Ақтоғай ауданының білім бөлімінің басшысы.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев ел тізгінін қолға алғаннан кейін «Жаңа Қазақстанның» іргетасын қалайтын бірнеше мәселені қауап, оңтайлы шешімдер қабылдады. Соның бір парасы ретінде ұлағатты ұстаздар қауымының қоғамдағы рөлін айқындап, маңызын салмақтайтын «Педагог мәртебесі» туралы заңды айта аламыз. Аталмыш заңның шеңберінде мұғалімдердің құқығы қорғалып, мәртебесі едәуір биіктеді.

қызметкерлерінің арасында өтіп жатқан тоспа доп жарысын тамашалады. Ақтық сында бақ таластырып, жүлделі I орынға ие болған «Достық» командасы мен күміс жүлдегер атанған «Ынтымақ» тобының ойыншыларына арнайы дайындаған сый-сияпаттарын тарту етті. Осы тұста айта кеткен абзал, осындай іс-шараның барлығына мұрындық болып, ұйымдастырған К.Байсейітова атындағы мектептің мұғалімі, аудандық

Ұстаздар ұлықталған күн



Жезқазған аймақтық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы – білім беру саласында орын алып жатқан олқылықтардың орнын толтырып, билік басына жетпей жатқан ұстаздардың базына тиісті сала басшыларының алдына көлденең тартып, көптеген күрмеуді шешіп, түйткілді тарқатып жүрген ұйымның бірегейі.

Аталмыш кәсіподақ ұйымының негізгі мақсаты – елдегі тұрақтылықты, азаматтық үйлесімділікті қамтамасыз ету болса, міндеті – тараптар арасында туындайтын мәселелерді дер кезінде шешу, жұмысшы құқығын қорғау, еңбек заңнамаларының сақталуына қоғамдық бақылау жасау, еңбек қауіпсіздігін, жұмысшылар арасындағы тепе-теңдіктің сақталуын, жалақының уақытылы төленуін қамтамасыз ету. Мұндай ауқымды міндеттерді ұйым өз жауапкершілігіне алғаннан соң, кәсіподақ саннан гөрі сапаға жұмыс жасауға ден қойып отыр. Қазіргі таңда жұмыс беруші мен қызметкерлердің арасындағы алтын көпірге айналған Жезқазған аймақтық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының құрамында 9 филиал бар. Оның төртеуі қалалық, төртеуі аудандық кәсіподақ болса, тағы біреуі жоғары оқу орны жанынан ашылған.

Қыркүйек айының 20-сы күні жоғарыда аталған кәсіподақ ұйымының заңгері Д.Жақыпбек, ұйымдастыру жөніндегі жетекші маман Д.Оразалина және жетекші маман С.Досетова ауданымызға арнайы келіп, өңіріміздегі іргелі білім ошағының бірі – Ә.Бөкейхан атындағы мектептің ұстаздарымен жүздесіп, әдістемелік көмек көрсетіп қайтты. Әуелгіде қонақтар бастауыш білім беру

бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы Г.Мұрасова. Келесі кезекте аталмыш білім ордасының мәжіліс залында ұстаздар қауымының қатысуымен алқалы жиын өтті. Жиынды аудандық білім беру бөлімінің бас маманы Д.Стамбеков келе жатқан Ұстаздар күнімен құттықтаумен ашып, өңіріміз бойынша бастауыш кәсіподағы бойынша атқарылып жатқан іс-шаралар легіне тоқталып өтті. Сонымен қатар, Жезқазған аймақтық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағының заңгері Д.Жақыпбек сөз кезегін алып, ұстаздар қауымының құқығына қатысты жаңадан бекіген немесе өзгеріске ұшыраған заңдармен таныстырып, мәртебелі маман иелерінің сұрақ-пікірлеріне жауап қайырды. Бұдан бөлек, өткен ғасырдың соңында құрылған ғылым және білім қызметкерлері кәсіподағының қалыптасу тарихы тұрғысындағы шағын бейнеролик қатысушылардың назарына ұсынылды. Жиын барысында ұстаздар тарапынан: «Еңбекақы әр айда әркілі түседі. Нақты бекітілген күн жоқ. Бұл жағдай несиелізді төлеуге қиын соғып тұр. Келешекте жалақыны әр айдың нақты бір күнінде түсіретіндей жасауларыңызды сұраймыз», сондай-ақ «қысқы отын-су әзірлеуге деп берілетін бір реттік көмек көлемін көбейтсе» деген ұсыныстар білдірді. Шара соңында өздерінің білімі мен қажыр-қайратын білім беру ісіне арнап, талай шәкірттің талабын шыңдаған бір қауым ұстаз Жезқазған аймақтық ғылым және білім қызметкерлері кәсіподағы дайындаған арнайы Алғыс хаттармен және төсбелгімен марапатталды.

Е.АЙТЖАН.

Мәңгі өшпейтін ұлы есім

Әр сабағы болып өтер тағылым,
Әр шәкірттің оятатын танымын.
Ұстаз деген – ең ерекше ұлы есім,
Өміріңде жарық берер шырағың.

Мынау тыныш, бейбіт күннің
батыры,
Болғаннан соң өр талабы, ақылы.
Ұстаз аты мәңгі өшпейтін ұлы
есім.

Шәкірттердің ақылшысы,
жақыны.

Арманыңа бірге қанат қағатын,
Қиын шақта қолдауың да болатын.
Екінші ана, мектептің ол жүрегі.
Ұстаз деген қасиетің, қуатың.

Мирас Нұрбай,
Қошқар тірек мектебінің
7-сынып оқушысы.

Мұғалімдер күні

Күз де келді ызғарлы суығымен,
Құрады жапырақтар мезгілімен.
Жаз өмірін, мөз өмірін қысқартып,
Құстар қайтып барады өз мұңымен.

Қара күздің суығы суық екен,
Түсінер ме бұл суық сыры бөтен.
Ұстаз күні ұлы күн құтты болсын,
Жылығатын көздегі нұрыменен.

Ұстаз-ана тербетеді мектепті,
Ұстаз-өке кеудесінде от текті.
Мектеп менің екінші үйім
болғандай,
Ұстаздар да ата-анамдай боп кетті.

Ұстаз деген – биік шыңға тең екен,
Арқасында арта берер берекем.
Баға жетпес еңбегі зор ұстаздар,
Құтты болсын келіп жеткен

мерекен!
Мерғазы Төлеуғайұлы,
Ж.Кенесбаев атындағы ЖББ
мектептің 8-сынып оқушысы.

Ұлылардың ұлысы

Ұстаз деген – биік тұлға, байсалды,
Талай шәкірттің жүрегіне ой салды.
Бар ғұмырын ұлт келешегіне
арнаған,
Ұстаз деген – ұлылардың ұлысы.

Ұстазымды теңер едім анаға,
Білім менен шуақ берген балаға.
Ұстазым менің екінші анам іспетті,
Түн ұйқысын бөлген білім арнаға.

Айзере Амангелді,
Ә.Бөкейхан атындағы тірек
мектебінің
3 «А» сынып оқушысы.



Бае Қосса, төр – мұғалімдікі»

М.Жұмабаев.

Тарихы терең, өнегелі білім ордасы Тасарал жалпы білім беретін мектебі 1959 жылдан бері қызмет атқарып келе жатқан, аттай 63 жыл тарихы бар мектебіміздің ұстаздар ұжымын төл мерекелерімен құттықтаймын!

Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, тәлім-тәрбие, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да, ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Тәуелсіз ел атанып, тіліміздің мәртебесі артып, әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы – жас ұрпақ тәрбиесіне

Мұғалімнің жетістігі әрқашан оқушының жетістігімен бағаланады. «Сарыарқа дарыны» зерделі ақыл-ой дамыту мектебінің ұйымдастыруымен «Жас математик» облыстық олимпиадасының аудандық кезеңінен Б.Аманбай, А.Ержанова, А.Жанай өтсе, аудандық «Алтын сақа» олимпиадасында А.Жанай жеңімпаз атанды.

Аудандық «Жамбыл оқуынан» А.Қасен, Д.Тулеуханов екінші дәрежелі диплом иеленді.

Қарағанды облысының білім басқармасы «Сарыарқа дарыны» балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған қазақ

тілі мен әдебиетінен Ләззат Бәйішқызы атындағы облыстық олимпиадаға А.Аман қатысып, сертификатталды.

Сонымен қатар, ҚР Білім және ғылым министрлігінің республикалық «Мұқағали оқулары» байқауына қатысқан мектеп оқушылары жүлделі орындарға ие болды. Бұл жетістіктерді ұстаздардың білім жолындағы сапалы еңбектерінің ортақ жемісі деп білеміз.

Биіктен көрініп, ұстаздардың еңбектерінің жемісін беріп жатқан шәкірттері де аз емес. Солардың бірі – «Тасарал ЖББМ» КММ-нің 9-сынып оқушысы Темірлан Таткен. Темірлан – өте алғыр, білімді әрі талапты оқушы,

Қазіргі заман мұғалімінің мәртебесі – көп еңбектенуден туындайтын күрделі мәселе. Егер мұғалім білімді де білікті болса, ол мәртебелі болады. Ә.Ермеков атындағы жалпы білім беретін мектебінің білімді де мәртебелі ұстазы Сәрсенбекова Жәния Жұмажанқызы 1962 жылы 28 шілдеде дүниеге келіп, 1969 жылы 1-сыныпқа Ә.Ермеков атындағы жалпы білім беретін мектепке қабылданған.

1979 жылы «Қаратал» орта мектебін бітіріп, Жезказған

Білімді ұстаз, мәртебелі мұғалім



педагогикалық институтына оқуға түсіп, 1984 жылы осы аталған оқу орнын бітіріп, осы аталған мектепке математика және физика мұғалімі болып орналасқан. Мектепте комсомол секретары болып қоғамдық жұмыс атқарды.

1987 жылы сыныптан тыс тәрбие ісінің меңгерушісі болып жұмыс атқарған, 1999 жылдан 2009 жылға дейін оқу ісінің меңгерушісі болып еңбек еткен.

2010 жылдан бастап математика мұғалімі болып қызмет атқарып келеді.

Орта білім мазмұнын жаңарту барысында білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Осы орайда оқушылардың функциялық сауаттылығын дамыту барысында практикалық мазмұнды, қызықты есептер, әртүрлі тест тапсырмалары және таңдау курстарында алған білімдерін өмірмен ұштастыруға, практикада қолдануға мектепте оқушылармен мақсатты түрде жұмыстар жасап келеді. Осындай жаңартылған білім берудің ең күрделі де жауапты кезеңін жоғары санатты мұғалім, тәжірибелі ұстаз, Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің Құрмет грамотасы, Білім басқармасының Құрмет грамотасы, Кәсіподақ ұйымынан төсбелгімен марапатталды.

38 жылдық тәжірибесін ұрпақ тәрбиелеу жолына сарп еткен білікті ұстаз еңбегінің жемісін «Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы» танымдық сағат атты кең ауқымды, жүйелі өткізілген ертеңгілік кешті тамашалап, оқушылардың жаңашылдыққа машықтанғанын, оқушылары перне болса, сол пернені дөп басып ойнаға білген ұстаз еңбегінің ерекше екеніне тәнті болдық.

11-сынып оқушылары жыл бойы алған білімдерін, өнерлерін, ата-ана, ұстаздар, оқушылар арасында ортаға салды.

«Нағыз ұстаз өзінің білімділігімен, жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен, тіпті, сырт пішіні, киген киімімен де шәкіртіне жақсы мағынада қатты әсер етеді» дегендей, Жәния мұғалімнің шәкірттері сан салада қызметтер атқаруда.

Мектебіміздің мақтанышы Жәния мұғалімнің үлгі тұтарлық ісі көп, әрдайым тәжірибесін бөлісіп отырады.

Г.Қабдрашова,
Ә.Ермеков атындағы ЖББ мектебінің мұғалімі.



Тарихы терең, өнегелі білім ордасы

де мықты көңіл бөлінуі қажет. Осы егеменді, тәуелсіз Қазақстанда өркениетке апарар жолдың бастауы – мектеп десек, мектептің басты тұлғасы – мұғалім.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегендей, біздің Тасарал жалпы білім беретін мектебінде білімді де тәлімі мол ұстаздар қауымы жетерлік. Әр мұғалімнің алдындағы мұраты – өз пәнін жетік біліп қана қоймай, әр оқушыны шығармашылық тұлғаға жетелеу. Әр баланың қабілетін, талантын ашу, өзіне-өзінің сенімін нығайтып, өзіне-өзінің жол ашуына түрткі жасау – міне, бүгінгі білім беру, тәрбие ісінің басты міндеті. «Оқушының жетістігі – мұғалімнің жетістігі, ал мұғалімнің жетістігі жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануында». Тасарал жалпы білім беретін мектебінің ұстаздары ізденімпаздықпен көптеген жетістіктерге жетіп келеді. Атап айтсақ, Қарағанды облысының білім басқармасының Алғыс хатымен М.Бейсекеева, Жезказған Аймақтық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ одағының Құрмет грамотасымен Т.Тусупбекова, Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағының Құрмет грамотасымен А.Жунусова және Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойына ұйымдастырған «Елімнің бақытын тербеткен – Қазақстан» атты байқауға оқушыларды қатыстырғаны үшін А.Қуанышбекова марапатталды.

География пәнінің мұғалімі А.Жунусова Қарағанды облысы «Оқу әдістемелік орталығының» ұйымдастыруымен география пәнінің мұғалімдерінің форумына қатысты.

«Білім беру саласындағы цифрлы Қазақстан» тақырыбындағы республика мұғалімдерінің тәжірибелік конференциясына Э.Аймағанбетова, М.Бейсекеева, Е.Алтаева, М.Бекжановалар қатысып, мақалалары жарияланды.

«Ұлы дала ұстазы» педагогикалық халықаралық журналына Г.Майлаякова, М.Бейсекеева, М.Бекжанова, Н.Каргул, А.Сембекова, А.Ксаннның мақалалары жарияланды.

«Сарыарқа саңлағы» облыстық жастар аясында, ҚР Семей полигонының 30 жылдық аясында өткен пікір-сайыста оқушыларды қатыстырғаны үшін Э.Аймағанбетова, «Өнеріне қарай – өрнегі» атты мектеп оқушылары арасындағы аудандық шығармашылық байқауына оқушыларды қатыстырғаны үшін А.Қуанышбекова марапатталды.

сыныбының үздігі, мектептің беткеуістары. Темірлан тарих және география пәндерін сүйіп оқиды. Осы сабаққа деген ерекше қызығушылығы Темірланды биік белестерге жетелеп келеді. Сол белестердің бірі – ауыл мектептерінде оқитын балаларға арналған республикалық «Айқанат» олимпиадасы. Олимпиада жалпы III кезеңнен тұрады. Алғашқы кезең – аудандық кезең. Аудандық кезеңге әртүрлі мектептен 30 шақты оқушы қатысты және біздің Темірлан осы топ оқушының арасынан озып шығып, облыстық деңгейге өтті. Мектеп ұжымының және Темірланның ата-анасының, олимпиадаға дайындаған ұстаздарының қуанышында шек болмады. Алда Темірланды облыстық деңгей күтіп тұрды. Бұл деңгей бала бойындағы үлкен жауапкершілік пен қызу дайындықты талап етті. Темірлан бойына артылған жауапкершілік пен үкілеген үміттерді ақтап, республикалық деңгейге өтті. «Айқанат» олимпиадасының республикалық кезеңі Астана қаласының «Назарбаев» университетінде өтті. Бұл кезеңде де Темірлан өзін биіктен көрсетіп, жақсы жетістіктерге жетті. Бұл біздің ұстаздар ұжымының еңбегі.

«Ұстаз болу – жүректің бағырлығы, Ұстаз болу – сезімнің ақындығы.

Ұстаз болу – мінездің күн шуағы, Азбайтұғын адамның алтындығы», – деп ақын Ғ.Қайырбеков жырлағандай, сөзі маржан, үні ән ұстаздардың бар болғанын мақтаныш етеміз.

Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы: «Ұстаздық – ұлық емес, ұлы қызмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбеккер егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді. Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» – деген.

Ендеше, өз ісіне берілген, жаналықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірде өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек.

Осындай жолы мен жөні бөлек аяулы ұстаздарымыз – шәкірттерінің мақтанышы ғана емес, бүкіл ел мақтанышы!

А.Ксан,
«Тасарал ЖББМ» КММ-нің информатика пәнінің мұғалімі.

Ақтоғай ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерінің орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабы 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 наурыздағы №264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидасының 50-1-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11148 болып тіркелген) сәйкес, Ақтоғай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтоғай ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерінің орналастыру орындары осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын және бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтоғай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтоғай ауданының әкімі С.Әбеуова.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі _____ облысының/қаласының Әділет департаменті

Нормативтік құқықтық акті 16.06.2022

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №28498 болып енгізілді.

Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 10 маусымдағы №34/02 қаулысына қосымша

Ақтоғай ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерінің орналастыру орындары

№	Стационарлық емес сауда объектілерін орналасу орындары	Орналасқан алаңы (шаршы метр)	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі	Жақын арадағы инфрақұрылымды есепке алғандағы қызмет саласы (ұқсас бұйымдар сағатын сауда объектілері, сонымен қатар қоғамдық тамақтану орындары)
1	Ақтоғай ауылы, Әлихан Бөкейхан көшесі, №8 А, «AMANAT» партиясы қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық филиалы ғимаратының артында	245	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым – «Айфар» кафесі
2	Абай ауылы, Қараменде би көшесі, №4 тұрғын үйдің оң жағында	75	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым-жоқ
3	Айыртас ауылы, Орталық көшесі, №7 тұрғын үйдің сол жағында	20	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым-жоқ
4	Сәуле ауылы, Достар көшесі, №27/1 тұрғын үйдің оң жағында	100	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым-жоқ
5	Ақши ауылы, Бейбітшілік көшесі, №4/1 тұрғын үйдің оң жағында	50	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым-жоқ
6	Қошқар ауылы, Мәдениет көшесі, №13 үй, «Қусак ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі ғимаратының артында	100	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым-жоқ
7	Нарманбет ауылы, Сана би көшесі №9 б, «Айнұр» дүкенінің оң жағында	45	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым-жоқ
8	Ақжарық ауылы, Сенкібай би көшесі, №38/2 үй, «Қызылалар ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимаратына қарама-қарсы	20	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым-жоқ
9	Ақтас ауылы, Енбек көшесі, №8 үй, «Қараменде би ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі ғимаратының артында	10	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым-жоқ
10	Нұркен ауылы, Жалантос көшесі, №7 тұрғын үйге қарама-қарсы	8	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым-жоқ
11	Ортадересін ауылы, Жаутиков көшесі №13 А, «Береке» дүкенінің алдында	20	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым-жоқ
12	Сарытерек ауылы, Парасат көшесі №20 А, «Дананұр» дүкенінің алдында	45	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым-жоқ
13	Сарышаған кенті, Теміржол көшесі №12 А, «Сағыныш» дүкеніне қарама-қарсы	200	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым-жоқ
14	Тасарал ауылы, Ағыбай батыр көшесі, №2/1 тұрғын үйдің оң жағында	55	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым-жоқ
15	Торанғалық ауылы, Абай көшесі, №6 тұрғын үйге қарама-қарсы	20	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым-жоқ
16	Шабанбай би ауылы, Әлихан Бөкейхан көшесі, №1 үй, «Шабанбай би ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі ғимаратының алдында	20	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым-жоқ
17	Шашубай кенті, Сейфуллин көшесі №2, «Азиза» дүкенінің оң жағында	162	5 жыл	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, жақын арадағы инфрақұрылым-жоқ

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі _____ облысының/қаласының Әділет департаменті

Нормативтік құқықтық акті 16.06.2022

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №28498 болып енгізілді.

Приложение к постановлению акимата Актогайского района от 10 июня 2022 года № 34/02

Места размещения нестационарных торговых объектов на территории Актогайского района

№	Месторасположение нестационарных торговых объектов	Занимаемая площадь, (квадратный метр)	Период осуществления торговой деятельности	Сфера деятельности с учетом близлежащей инфраструктуры (торговые объекты, в которых реализуется схожий ассортимент товаров, а также объекты общественного питания)
1	село Актогай, улица Алихана Бөкейхана № 8 А, за зданием общественного объединения партии «AMANAT» Актогайского районного филиала Карагандинской области	245	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура – кафе «Айфар»
2	село Абай, улица Караменде би, справа от жилого дома № 4	75	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
3	село Айыртас, улица Орталық, слева от жилого дома № 7	20	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
4	село Сауле, улица Достар, справа от жилого дома № 27/1	100	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
5	село Ақши, улица Бейбітшілік, справа от жилого дома № 4/1	50	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
6	село Қошқар, улица Мәдениет, дом № 13, за зданием государственного учреждения «Аппарат акима Кусакского сельского округа»	100	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
7	село Нарманбет, улица Сана би № 9 б, справа от магазина «Айнұр»	45	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
8	село Ақжарық, улица Сенкібай би, дом № 38/2, напротив здания государственного учреждения «Аппарат акима Кызылаларайского сельского округа»	20	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
9	село Ақтас, улица Енбек, дом № 8, за зданием государственного учреждения «Аппарат акима Караменде бийского сельского округа»	10	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
10	село Нуркен, улица Жалантос, напротив жилого дома № 7	8	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
11	село Ортадересін, улица Жаутикова № 13 А, перед магазином «Береке»	20	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
12	село Сарытерек, улица Парасат 20 А, перед магазином «Дананұр»	45	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
13	поселок Сарышаған, улица Темиржол № 12 А, напротив магазина «Сағыныш»	200	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
14	село Тасарал, улица Ағыбай батыра, справа от жилого дома № 2/1	55	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
15	село Торанғалық, улица Абая, напротив жилого дома № 6	20	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
16	село Шабанбай би, улица Алихана Бөкейхана, дом № 1, перед зданием государственного учреждения «Аппарат акима Шабанбай бийского сельского округа»	20	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет
17	поселок Шашубай, улица Сейфуллина № 2, справа от магазина «Азиза»	162	5 лет	Продовольственные и непродовольственные товары, близлежащая инфраструктура - нет

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі _____ облысының/қаласының Әділет департаменті

Нормативтік құқықтық акті 16.06.2022

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 28498 болып енгізілді.

Об утверждении и определении мест размещения нестационарных торговых объектов на территории Актогайского района

В соответствии с подпунктом 4-2) пункта 1 статьи 31 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», пунктом 50-1 Правил внутренней торговли, утвержденных приказом исполняющего обязанности Министра национальной экономики Республики Казахстан от 27 марта 2015 года №264 (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №11148), акимат Актогайского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Определить и утвердить места размещения нестационарных торговых объектов на территории Актогайского района согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима Актогайского района.

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней со дня его первого официального опубликования.

Аким Актогайского района С.Әбеуова.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі _____ облысының/қаласының Әділет департаменті

Нормативтік құқықтық акті 16.06.2022

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №28498 болып енгізілді.

Қазақстан-2050: білім стандарты

Финансирование дошкольного воспитания и обучения

Департаментом внутреннего государственного аудита по Карагандинской области во исполнение Перечня объектов государственного аудита на 2022 год и поручений Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан проведено аудиторское мероприятие по вопросу использования бюджетных средств, выделенных на подушевое финансирование дошкольного воспитания и обучения за период с 01.01.2019 г. по 31.01.2022 г. в отделе образования Актогайского района.

По результатам аудита установлено, что Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 г.г. утвержденная постановлением Правительства Республики Казахстан от 27.12.2019 г. №988 утратило силу постановлением Правительства Республики Казахстан от 12.10.2021 г. №726 с утверждением национального проекта «Качественное образование «Образованная нация», где по первому направлению «Дошкольное воспитание и обучение» согласно которой предусмотрена задача по обеспечению доступности и качества дошкольного воспитания и обучения по охвату детей от 3 до 6 лет с показателями результата (план) на 2021 г. – 100% и от 2 до 6 лет – 76,8%.

С 2021 г. согласно Постановлению Карагандинского областного Акимата от 21.01.2021 г. №06/01 «Об утверждении государственных образовательных заказов на среднее образование в государственных организациях образования, на дошкольное воспитание и обучение, размера родительской платы», утвержден государственный образовательный заказ на дошкольное воспитание и обучение на 2021 год, а также размер максимальной родительской платы за детей, получающих услуги по государственному образовательному заказу.

Норматив подушевого финансирования на 1-го воспитанника на 2021 год по методике подушевого нормативного финансирования составляет: в городе: группы с 10,5 часовым режимом пребывания 37847,0 тенге; группы с 9 часовым режимом пребывания 29336,0 тенге; мини центры неполным днем пребывания 8178,0 тенге; коррекционные

группы с 10,5 часовым режимом пребывания 65242,0 тенге; группы детей с туберкулезной интоксикацией с 10,5 часовым режимом пребывания 52458,0 тенге; в селе: группы с 10,5 часовым режимом пребывания 38177,0 тенге; группы с 9 часовым режимом пребывания 34824,0 тенге; мини центры неполным днем пребывания 10922,0 тенге; коррекционные группы с 10,5 часовым режимом пребывания 78434,0 тенге; группы детей с туберкулезной интоксикацией с 10,5 часовым режимом пребывания 68235,0 тенге.

Вместе с тем, в нарушение ст.62 Закона Республики Казахстан от 27.07.2007 г. №319-III «Об образовании», отделом образования Шетского района планировались расходы по государственному заказу по дошкольному воспитанию и обучению и производилось финансирование коммунальных государственных казенных предприятий, частных ясли и детских садов за счет средств государственного заказа без учета требований Методики подушевого нормативного финансирования, т.е. в бюджетных заявках за 2019-2021 годы и в расчетах к ним отсутствует планируемый количественный контингент детей и средняя стоимость расходов на одного воспитанника.

В нарушение Правил размещения государственного образовательного заказа отделом образования Актогайского района в коммунальных государственных казенных предприятиях не проведены конкурсы по размещению государственного образовательного заказа на дошкольное воспитание и обучение за проверяемый период.

Случаи осуществления расходов, не входящих в расчет объема финансирования образовательного процесса организаций дошкольного подушевого нормативного финансирования не установлены.

По результатам государственного аудита адресное учреждение направлено предписание на устранение нарушений и о привлечении к дисциплинарной ответственности виновных лиц.

Департамент внутреннего государственного аудита по Карагандинской области.

Хабарландыру

«Жана Мыс» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес 2022 жылғы 01 қараша айының сағ. 12.00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шабанбай би а.о., Шабанбай би а., Ахметқызы Аққыз көшесі, 1, мекен-жайындағы Ауылдық клуб ғимаратында, «Қарағанды облысындағы 2022 жылғы 09 ақпандағы №1601-ЕЛ лицензиясы бойынша 12 блок жер қойнауы учаскесінде пайдалы қатты қазбаларды барлау жоспары» іздеу жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында <https://ecportal.kz/>, сондай-ақ «<https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat>» сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қарағанды қаласы, Лобода көшесі, 20, эл. мекен-жайы expertiza.upr_krg@mail.ru, тел.: +7 (7212) 56-81-66, қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Экологиялық құжаттаманы әзірлеуші «АСУ ЭКО» ЖШС. Қосымша ақпарат алуға болатын электрондық пошта және телефон: Aigul-kz79@mail.ru; +77026624010.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJlD8KqR_11TMVqFqKqTqONXbvg
Конференция идентификаторы: 320 844 9619
Құпия сөз: 8dxVkQ

Объявление

ТОО «Жана Мыс», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, сообщает, что в 12.00 часов 01 ноября 2022 года по адресу Карагандинская область, Актогайский район, Шабанбай би с.о., с. Шабанбай би, здание Сельского клуба по адресу ул.Ахметқызы Аққыз, 1, состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Раздел охраны окружающей среды» к «План разведки твердых полезных ископаемых на участке недр 12 блоков по лицензии №1601-ЕЛ от 09 февраля 2022 года в Карагандинской области».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/>, а также сайте «<https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat>».

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», по адресу: г.Караганда, ул.Лободы, 20, эл.адрес expertiza.upr_krg@mail.ru, тел.: +7 (7212) 56-81-66.

Разработчиком экологической документации является ТОО «АСУ ЭКО», эл. почта и телефон, где можно получить дополнительную информацию: Aigul-kz79@mail.ru; +77026624010.

В случае введения чрезвычайной ситуации и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантин, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка (ссылка в зуме):

Для участия в слушаниях в форме открытых собраний посредством видеоконференцсвязи необходимо пройти по указанной ниже ссылке: <https://us05web.zoom.us/j/85860614796?pwd=WmTxZlFiSWlBWVlpMVYyY0RDe2Y3dz09> (скопируйте выше указанную ссылку в адресную строку браузера)

Идентификатор конференции: 858 6061 4796
Код доступа: J8iFd5

Хабарландыру

«Balqash Resources» ЖШС атмосфераға ластаушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің, жол берілетін төгінділер нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарлама, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2022 жылдың 28 қазаны сағат 11.00-де өтеді. Қарағанды облысы, Балқаш Г.А., Гүлшат елді мекені, Гүлшат елді мекені, жергілікті клуб.

Карантиндік шаралар ұзартылған жағдайда, қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында онлайн режимінде өткізіледі.

Қатысу үшін келесі сілтемеге көшпуді сұраймыз: <https://us04web.zoom.us/j/76275708624?pwd=TTKWjbiXO44taR3hcfzcMBwtDGZHeM.1>

Конференция идентификаторы: : 762 7570 8624
Құпия сөз: 5555

Бастамашы: «Balqash Resources» ЖШС, тел.: 8(701)888-81-12.

ҚОӨБ жобасын әзірлеуші: «КазЭкоПроект» фирмасы Борщенко С.В. ЖЖ, тел.: 8 (7162) 52-52-60.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен ecportal.kz сайтта танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты kazecoproect2012@mail.ru, 8(716-2)52-52-60 телефон арқылы сұратуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мына мекен-жайлар бойынша қабылдайды: expertiza.upr_krg@mail.ru, Қарағанды қ., Лободы көшесі, 20 үй.

Объявление

ТОО «Balqash Resources» объявляет о проведении общественных слушаний по Проекту нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу, программы по управлению отходами, проект программы производственного экологического контроля и плана мероприятий по охране окружающей среды.

Общественные слушания состоятся 28 октября 2022 года в 11.00. По адресу: Карагандинская область, Балхаш Г.А., Гульшатская п.а., п.Гульшат, местный клуб.

В случае продления карантинных мер, общественные слушания будут проведены в режиме онлайн на платформе Zoom.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке: <https://us04web.zoom.us/j/76275708624?pwd=TTKWjbiXO44taR3hcfzcMBwtDGZHeM.1>

Идентификатор конференции: 762 7570 8624
Код доступа: 5555

Заказчик: ТОО «Balqash Resources», тел.: 8(701)888-81-12.

Разработчик проекта ОВОС: Фирма «КазЭко-Проект» ИП Борщенко С.В., конт. тел.: 8(7162) 52-52-60.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте ecportal.kz.

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел.: 8(716-2)52-52-60, kazecoproect2012@mail.ru

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресам expertiza.upr_krg@mail.ru и г.Караганда, ул.Лободы, 20.

АБ

21 сәуір 2022 жылы Кесикбаев Айтжан Шаймуратулы қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Қишкентаева Сагуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады.

АБ

«Отбасы өнегесі – Отан өнегесі»

«Отан отбасынан басталады». Көрер көзге байқалмағанымен, іргелі ел, мығым мемлекет болуға әрбір жанұяның қосатын үлесі орасан. Сондықтан да, кез келген мемлекет отбасы институтының қалыптасып әрі оның нығаюына баса мән береді.

Елімізде де отбасы саясатының жүйелі түрде жүзеге асып, дамуына Үкімет тарапынан барынша қолдау

кезең – ұлттық Байқауды өткізудің басты мақсаты – ата-аналардың балаларды тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, отбасыларды көмелетке толған балаларының күтім жасауын кеңінен насихаттау және отбасылық көркем шығармашылықты дамыту үшін қолайлы жағдай жасау, отбасылық шығармашылық байланыстарды ынталандыру, сондай-ақ, отбасылық шығармашылық саласындағы жетістіктерді көпшілікке дәріптеу, бос уақытты ұйымдастырудың жаңа түрлерін дамыту және тарату.

Отбасылық құндылықтарды дәріптеп, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты қалыптастыратын осынау байқаудан ауданымыз да қалыс қалған жоқ. Өңіріміздің барша тұрғындарына есімдері мәшһүр, өнердің аламанында үнемі алдыңғы көрініп жүрген Күлшікеновтер отбасы «Мерейлі

отбасы» конкурсына қатысып, екінші кезеңде жүлделі ІІ орынға ие болып, ауданымызға қоржындарын компитып қайтты. Байқаудың облыстық кезеңіне Қарағанды аймағының түкпір-түкпірінен іріктеліп келген 25 үйелмен қатысты. Өнер десе ішкердегі асын жерге қоятын осыншама жанұяның арасынан суырылып шығып, жүлделі орыннан көріне білген, тек жанұяларының ғана емес, тұтас ауданымыздың абыройын арқалап барған Күлшікеновтер отбасы нағыз көпшілікке үлгі қылып көрсетуге лайықты бірден-бір әулет деп айта аламыз. «Отбасы өнегесі – Отан өнегесі» деген осы болар.

Е.АЙТЖАН.



білдіріліп келеді. Әлеуметтік жағдайы мен санатына байланысты еліміздегі үйелмендерге жәрдемақы мен әр деңгейлі жеңілдіктер қарастырылған. Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы» Заңға өзгертулер енгізу жөніндегі Жарлығына сәйкес, қыркүйек айының екінші жексенбісі Отбасы күні болып бекітілген болатын. Аталмыш мерекеге орай жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы өткізіледі.

Еліміздің түкпір-түкпірінен әр алуан отбасылар бақ сынасатын конкурс 3 кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – аудандық (қалалық), екінші кезең – облыстық, үшінші

Абзал жандарға алғыс

Кез келген адам өз өмір жолында ақ халатты абзал жандармен кездесіп, олардың ыстық ықыласы мен аялы алақандарының жылуын сезінеді. Олардың көмегімен тоқтаған жүрек қайта соғып, үзілген үміттер жалғанады. Жас пен көріге, жалпы адамзаттың бөріне көмек қолын созып, жанын қоярға жер таптырмай азаптаған ауруынан айықтырып, жанына – дауа, төніне шипа болардай ем беріп, сөзінің төттісімен, көзінің жақсысымен науқастың көңілін көтеріп, өмірге деген құштарлығын арттырып, ертелі-кеш ерінбей, ел үшін еңбек етіп, халықтың алғыс-сауабын арқалайтын ақ желеңді абзал жандар.

Елдос Джумажанов басқарып

отырған аудандық орталық аурухана ұжымына үлкен алғысымды білдіргім келеді. Ауырғанда дертіме дауа болған бірінші – Алла! Екінші орталық ауруханамыздағы білімді де білікті дәрігерлерімізге мың алғыс!

Атап өтсем, Б.Шажалиев, М.Бақтиярова, Д.Ақаршатова, М.Умирхан, К.Алимбаева мен аурухана медбикелері Мақпал, Дана, Гүлжанат және жедел жәрдем қызметкерлері Анар, Жазира, Айнагүл, Алина науқас жандардың жабырқаулы жүздеріне үміт отын ұялатып, үлкен сенімге жетелеп, өмір-өзен арнасының әлі де ағысында талай өмір сүру керектігін ескертіп, бойға қуат бітіретін антына адал жандар!

Сіздердің ерен еңбектеріңізге, мейірімді жүректеріңізге алғысымыз шексіз. Отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, күш-жігер және табыс тілеймін. «Дені сау адам – қоғам байлығы» деген халқымызда дана сөз бар. Сол байлығымызды сақтауға, сапасы мен санын арттыруға, халқымыздың дені сау, ойы сергек болып қалыптасуына абзал жандардың қосып отырған үлесі айтарлықтай. Өрдайым адамзат баласы тағдырын сеніп тапсыратын мамандықтарыңызды абыроймен атқарып, халық сеніміне ие болып жүре беріңіздер!

АБ

Алғыс айтушы
А.Төлепбергенова.

Құттықтаймыз!

Құрметті Айғазы
Қуандықұлы!



Сізді 60 жасқа толған мерей-тойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, әріптестеріңіздің ізгі көңілінен шыққан ақ тілектерін жолдаймыз! Ұжымыңыз сізді білікті де білгір, тәжірибелі де озық, сыйлы да беделді маман ретінде құрмет тұтып, сыйлайды. Осы қуанышты сәтте сізге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, отбасыңыздан береке-бірлік, басыңыздан бақ-дәулет таймай, аңсаған армандарыңыздың асуына жете беруіңізге тілектеспіз.

60 жасқа жетіп кепсіз зымырап, Бірақ, қимыл әлі жастай шымыр-ақ. Еңбегіңіз зейнет болсын ендігі, Күндеріңіз мұң салмасын қырындап. Талай күндер төккен тер мен өткен күн, Қуаныштың нәрі көктен сепкен күн. Талай жылдар тағылымы толысып, Еңбектен соң зейнет келіп жеткен күн. Еленді еңбек, қуанышты бәріміз, 60 жаспен құлпырады сәніңіз, Жалынды жас кейпін әлі сақтапсыз, Қуанышқа ортақ кіші-кәріміз.

Ізгі ниетпен: Ақтоғай аудандық ветеринариялық станция ұжымы.

Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны Жақсыбеков Сағат Ғынаятұлын асқаралы 60 жасқа толған мерей-тойымен шын жүректен құттықтаймыз!



Қашанда көңілі дархан, ақ-жарқын жанға осы айтулы белесте өмірдің мол шуағын, жан сарайын шынайы қуанышқа бөлейтін әсерлі сәттерді, жүрекжарды думан-мерекені, таусылмас берекені тілейміз. Еңбегіңнің жемісін көр, бала-шаға, ұрпағыңның қызығын қызықтап, жасыңа жас қосып, өмірдің жақсылығын көре бер дейміз. Қосағыңмен қоса ағар!

Күш-қайратың бойыңда сарқылмасын, Шаңырағыңнан той-думан арылмасын. Көрер қызық, мол бақыт алда болып, Өмір-өзен арнасы тарылмасын.

Ігі тілекпен: Нұрлан-Назигүл, Сәкен-Саягүл, Мағзұм-Салтанат, Берік-Зәуре.

Құрметті оқырман!

«Ақтоғай ажары»
газетін сайттан да
оқыңыз!

<https://aqtogaiajary.kz/>

Жаңалықтан
құр қалмаңыз!

Құрылтайшы: **ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА**

Редактор: **Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: Думан Қабыл
Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.
Таралымы 850 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aqtogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

